

ҚЫТАЙДЫҢ СЫРТҚЫ ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

Идрышева Ж.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Алматы, Қазақстан
idryshevaz@mail.ru

Адамзат тарихында ежелден белгілі мемлекеттердің бірі Қытай өзінің бес мың жылдық тарихында бірнеше рет құлдырау мен гүлдену кезеңдерін бастан кешірді. Гүлдену кезеңдерінде алып орталықтанған басқару билігі астында мемлекеттің жеке аудандары бірігіп аймақтағы территориясы, халқының саны және экономикалық күші бойынша ірі мемлекетке айналды. Дегенмен, XIX ғ. басталған жүйелік дағдарыс аймақта Жапония сияқты жаңа күштердің пайда болуына әсер етті. 1911-1949 жж. аралығында Қытай үкіметі өзінің әлсіздігін барынша көрсетті. 1949 жылы 1 қазанда Қытай Халық Республикасы құрылғанын жариялаған соң Қытай аймақтағы көшбасшы позициясын қайта алды. Бұл уақытта Жапония ірі экономикалық, КСРО әскери державаға айналса, Қытай өз күшін әскери-саяси, экономикалық салаға сараптап отырды. Көп уақыт өтпей Қытай әлемдегі саяси істердің маңызды қатысушысына, әлемдік сахнада қайта бекітілген экономикалық державаға айналды.

XX ғ. ортасында Қытай жетекшілері «мәдени революция» жүргізді. Бұл революцияның негізгі мақсаты коммунистік идеологияны сөзсіз орындау болатын. Бұл «революция» Қытайды әлемдік қауымдастықтан оқшаулану мен саяси және экономикалық тоқырауға алып келді. Мәдени революцияның нәтижесінде Қытайда саяси, экономикалық салалар ауыр жағдайға тап болды. Жетекшілер мұндай амалдардың мемлекет үшін қауіптілігін түсініп, өндірістің коммунистік тәсілінен прогрессивті ашық нарыққа ауыса бастады. Сонымен қатар, Қытай басшылығы халықаралық оқшауланудан шығу қажеттілігін түсінді. Батыс мемлекеттері өзінің ірі нарығы мен арзан жұмыс күшімен қызықтыратын Қытайда орын алып жатқан бұл оқиғаларға үлкен назар аударды.

ҚХР сыртқы саяси концепциясы мен ядролық қару арасында тығыз қатынас байқалады. Себебі Қытайдың сыртқы саяси концепциясы бірнеше компоненттен тұрады. Қытайдың қазіргі сыртқы саясатының теориялық базасы соңғы кезеңдері Қытайдың ішкі және сыртқы саясатында орын алған өзгерістерге дем берген Дэн Сяопиннің идеяларының негізінде қалыптасқан [1]. Бұл идеяларды шартты түрде стратегиялық теориялар деп атауға болады және 3 негізгі бөліктен тұрады:

1. Ұлттық дамудың стратегиясы
2. Халықаралық стратегиялық жағдай
3. ҚХР ұлттық мүдделері мен ұлттық қауіпсіздік стратегиясы.

Ұлттық даму стратегиясының негізгі мәні социалистік принциптерге негізделген Қытайдың әулеттік-экономикалық дамуы мен модернизациясын қамтамасыз ету және қарқындалу. Қытайдың басты ұзақ мерзімді мақсаты – елді гүлденген, дамыған, қуатты, демократиялық,

өркениетті және қазіргі заман талабына сай келетін мемлекетке айландыру. Бұл мақсатқа жетудің жолы үш сатыға бөлінеді:

1. 1981-1990 ж.ж. Жалпы ішкі өнімді екі есе арттыру, халықты азық-түлік және киім-кешекпен қамтамасыз ету.
2. 1990-2001 ж.ж. Жалпы ішкі өнім көлемін 1 трлн. долларға дейін жеткізу және адам басына шаққандағы табыс деңгейін 800-1000 долларға дейін көтеру.
3. 2001-2050 ж.ж. Қытай дамыған мемлекеттер деңгейіне жетіп, модернизацияның негізгі міндеттерін орындайды.

Модернизация дегеніміз реформа және ашықтық саясатын ұстану, ауыл шаруашылығы, энергетика, білім беру мен ғылым саласындағы жаңарту бағдарламаларын жүзеге асыру. Даму мен модернизацияның құралы марксистік теория. Ұлттық даму стратегиясы басқа да идеялармен толықтырылады, мысалы, «бір мемлекет - екі жүйе» идеясы.

Халықаралық стратегиялық жағдай екі компоненттен тұрады: бейбітшілік пен даму. Бейбітшілік – «Шығыс-Батыс» қатынастары, ал даму «Солтүстік-Оңтүстік» мәселесі болып табылады. Бейбітшілік дегеніміз Шығыс пен Батыс арасындағы қатынастардың жақсаруы, халықаралық жағдайдың тұрақтануы, көпполярлық пен гегемонияға жол бермеу. Даму мәселесі «дамыған Солтүстік пен артта қалған Оңтүстік» арасындағы теңсіздікке негізделген. Қытай дамушы мемлекеттер қатарына жататындықтан әділетті және бейбіт халықаралық жағдайдың орнауына мүдделі.

ҚХР ұлттық мүдделері мен ұлттық қауіпсіздік стратегиясы. Марксистік теорияға негізделген Дэн Сяопин идеялары бойынша Қытайдың ұлттық мүддесі мемлекеттің социалистік табиғатымен анықталады және басқа мемлекеттермен қарым-қатынасқа түскен кезде ең жоғарғы критерий болып табылады. Қытайдың сыртқы саяси концепциясында ұлттық мүдделерге ең алдымен егемендік, қауіпсіздік, экономикалық даму, халықаралық статус пен ұлттық ар-намыс жатады. Ар-намысты ұлттық мүдделердің қатарына жатқызу тек Қытайға ғана тән ерекшелік болып табылады. Басқа ешбір мемлекет ар-намысын қорғауды ұлттық мүдде дәрежесіне дейін көтермейді.

Ұлттық мүдделермен қатар Қытайдың сыртқы саясатында өзіне тән спецификалық мақсаттары бар – «Отанды біріктіруді аяқтау» яғни Тайвань, Гонконг, Аомэнь сияқты қытайлық территорияларды ҚХР құрамына қайтару. Сянган (Гонконг) пен Макаоның (Аомэнь) Қытайға қосылуы сәтті аяқталды. Айта кететін бір жағдай: ҚХР Тайвань мәселесін АТА-дағы қауіпсіздік контекстінен тыс шығарып қарастырады, себебі, Қытай үшін Тайвань мәселесі толығымен сыртқы саяси мәселе емес, орталық пен провинция арасындағы қатынастардан туындаған, ішкі мәселе болып табылады. Тайвань мәселесінің дәрежесі Пекин үшін Тибеттегі немесе Шыңжаңдағы сепаратизм мәселесінің дәрежесімен тең. Сондықтан да басқа мемлекеттердің (АҚШ) Тайвань мәселесіне араласуын ҚХР өзінің ішкі істеріне араласу ретінде қарастырады [2, С. 9-10].

Қытай сыртқы саяси концепциясының келесі ерекшелігі – халықаралық құқықтың іргесі болып табылатын мемлекеттік егемендік пен ішкі істерге

араласпау принциптерін абсолютизациялау мен оларды қайта қарастыруға бағытталған ұсыныстар мен талаптарға келіспеу. «Азаматтық соғыс мемлекеттің ішкі ісі болып табылмайды сондықтан да гуманитарлық интервенция заңды немесе адам құқықтары ұлттық суверенитеттен жоғары тұрады деген тұжырымдарға Қытай үнемі қарсы болып келді. Осыған байланысты Дэн Сяопин былай деген болатын: «Қытай мұнымен ешқашан да келіспейді, біз ешкімге де өзіміздің ішкі істерімізге араласуына жол бермейміз, қауіпсіздік пен ұлттық егемендік мәселесіне қатысты компромисстің болуы мүмкін емес».

Қытайдың ұзақ мерзімді мүдделеріне «ұлттық потенциалды» көбейту, мемлекетті гүлдендіру мен «даму сатыларын» жүзеге асыру жатады. Ұлттық потенциал деген мемлекет халқының табиғатты игеру мен елді басқа бір мемлекеттің жаулап алуына қарсы көрсететін күш-қуаты. Ұлттық мүдделерді дұрыс жүзеге асырудың негізгі қорытындысы мен ең жоғарғы критерийі – мемлекеттегі тұрақтылық болып табылады.

Ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау үшін «Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» қажет. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының мақсаты – Қытайдың дамуы үшін қажетті және қолайлы сыртқы жағдайды қалыптастыру. Қауіпсіздік кешенді және күрделі болуы тиіс:

1. Қытайдың қауіпсіздігі
2. Қытайға көршілес мемлекеттердің қауіпсіздігі
3. Қытай орналасқан аймақтың қауіпсіздігі

Кейінгі перспективада бүкіл әлемдегі қауіпсіздік. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясының міндеттері: соғыс қауіпінің алдын алу мен дағдарыстарды бақылауға алып отыру мүмкіндігіне ие болу. Қауіпсіздік стратегиясы мемлекеттің күш-қуатына негізделеді. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы партияның саясаты мен линиясын басшылыққа ала отырып, егемендік пен тәуелсіздікті, социализмді қорғауға бағытталған. Сыртқы саяси концепцияның негізгі компоненттерінің бірі ұлттық қорғаныс саясаты, ол өз алдына мемлекеттің экономикалық дамуына бағынышты. Ұлттық қорғаныс белсенді қорғаныс стратегиясына негізделеді. ҚХР қорғаныс министрі Чи Хаотян бұл стратегияға мынадай түсінік береді: стратегия қорғаныс принципіне негізделген және стратегиялық деңгейдегі соққы тек шабуылға жауап ретінде ғана жасалады. ҚХР қорғаныс саясатының негізгі мақсаттары:

1. ұлттық қорғанысты нығайту
2. сыртқы агрессияға тойтарыс беру
3. Қытайдың құрлық, су, әуе кеңістігіндегі мемлекеттік суверенитетін, құқықтары мен мүдделерін қорғау
4. мемлекеттік біртұтастық пен қауіпсіздікті нығайту
5. социалистік жүйені қорғау

Қорғаныс саясатының стратегиялық міндеті – күш-қуаты жағынан басым, әскери техникасы озық, бір емес бірнеше қарсыласқа тойтарыс беруге қабілетті болу.

Армия – саны жағынан тым үлкен емес, ал резерві керісінше барынша үлкен, тұрақты, дайындығы жоғары, қазіргі заманға сай техникамен жабдықталған болуы қажет.

ҚХР сыртқы саясатының сипатын анықтау үшін оның қорғаныс саясатына шолу жасаған пайдалы. Себебі мемлекеттің әскери саладағы дайындықтары, әскерге жұмсалатын қаржының көлемі, әскер санының қысқаруы немесе көбеюі, қару-жарақ түрлерінің өзгеруі мен әскери стратегиядағы қорғаныс және шабуыл компоненттері арасындағы арақатынастың өзгеруі сыртқы саясатта күш қолдану мүмкіндігін анықтауға үлкен септігін тигізеді.

Қазіргі кезде Қытай халық-азаттық армиясы елеулі түрде қысқарып, 2.8 млн. адамнан тұрады. Кейіннен 2.5 млн-ға дейін қысқарту жоспарланып отыр. Армия құрамына қазіргі заманғы әскерге сай компоненттердің барлығы кіреді, оның ішінде, әскери-теңіз, әскери-әуе күштері кіреді. Қарулы күштер қару-жарақтың әдеттегі түрлерімен ғана емес, сонымен қатар континентаралық ракеталар және ядролық қару-жарақпен қаруланған.

Стратегиялық ядролық күштер құрлықтық, әуе, теңіз компоненттерден құралады да ядролық қарудың 167 данасы қатарға қосылған (бей ресми мәліметтер бойынша 300 дана). Ядролық күштердің негізін стратегиялық әскер құрайды, олар баллистикалық ракеталардың 75 құрлықтық қондырғыларымен қаруланған. Стратегиялық авиация құрамына 80 «Хун-6» ұшағы кіреді (Ту-16 ұшағының негізінде жасалған). Ядролық күштердің теңіз компоненті «Цзюйлан-1» ракеталарының 12 қондырғысымен қаруланған 1 атом сүңгуір қайығынан тұрады [3, С. 51].

Стратегиялық ядролық күштерді дамыту басты орынға қойылып отыр. Ядролық күштерді модернизациялаудың негізгі бағыты – ескірген сұйық отынды ракеталарды жаңа қатты отынды «Цзюйлан-2» және «Дунфэн-41» ракеталарымен ауыстыру. Сонымен қатар ҚХР жоғарғы технологиялы қару-жарақ түрлерін шығаруға бет бұрып отыр. 1996 жылдары басталған ракеталарға қарсы қорғаныс жүйесін құру бойынша жұмыстары аяқталды десе де болады.

Аталған жобаны жүзеге асыру сәтті аяқталған жағдайда АҚШ ядролық күштерінің ҚХР территориясына соққы жасау мүмкіндігі шектеледі. Қытайлық мамандардың пікірі бойынша ҚХР қорғаныс индустриясының техникалық жабдықталу деңгейі дамыған мемлекеттерден 15 жылға артта қалып отыр. 90-шы жылдардағы Қытайдың қорғаныс доктринасындағы ой-пікірлердің бағыты мен әскери өнеркәсіптің дамуындағы тенденциялар ҚХР басшылығының қарулы күштер мен әскери-өнеркәсіптік кешенді дамытуды мақсат тұтып отырғанын байқауға болады. Олардың пікірі бойынша бұл шаралар сыртқы және ішкі қауіпсіздіктің кепілі мен елдің экономикалық және әулеттік дамуының шарты ретінде қажетті.

Ядролық қаруды бірінші болып қолданбауға міндеттенген Қытайдың ядролық стратегиясы «шектелген ядролық жауапты соққы» концепциясында көрініс табады. Концепцияның мәні ядролық шектеу күштерін құруда яғни орасан зор зардап келтірудің қаупін тудыру арқылы мүмкін қарсыласты

Қытайға қарсы ядролық қаруды қолданудан бас тартуға мәжбүрлеу. Аталған концепция дамыған мемлекеттермен ядролық паритет орнату қажеттігінен босататындықтан материалды және қаржы ресурстарын үнемдеу тұрғысынан алып қарағанда рационалды болып табылады [4].

Қытайдың ресми статистикалық мәліметтері бойынша 2000 жылы ҚХР әскердің қажетіне 10 млрд. долл. жұмсаған болатын. Бұл ірі мемлекеттер арасындағы ең төмен көрсеткіштердің бірі. ҚХР жалпы ұлттық өніміндегі әскери шығындардың үлесі 1.5 % аспады (1995 ж.), кейінгі жылдары ол үнемі қысқарып отырды: 1999 жылы 1.1 % құрады. Бірақ кейбір сарапшылардың пікірінше ресми мәліметтерде тек қорғаныс министрлігінің шығындары ғана көрініс тапқан да ал басқа министрліктер мен мекемелердің бюджеттеріндегі әскери қажеттіліктерге арналған қаржы ескерілмеген. Сонымен қатар кейбір батыс сарапшыларының ойынша әскери гарнизондар, жергілікті әскер мен резерв орталық емес провинциялардың бюджетінен қаржыландырылады. Осының барлығын ескергенде Қытайдың шынайы әскери шығындары ресми көрсеткіштерден жоғары деп саналады. Мысалы, жапондық мамандар Қытайдың 1999 жылғы әскери шығындары 30 млрд. долл. құраған деп тұжырымдайды [5, С.27].

Бірақ, егер, 50-60 жылдары негізі салынған қорғаныс комплексін модернизациялаудың объективті қажеттілігін, халық санын (1.2 млрд. адам), территорияның көлемін, құрлықтағы және теңіздегі шекаралардың ұзындығын ескерсек, Қытайдың әскери шығындары тіпті 50 млрд. долл. шамасында болған жағдайда (Ресейлік мәліметтер бойынша) қорғанысқа қажетті минимум деңгейінен аспайды. Басқа мемлекеттердің әскерге жұмсаған қаржы көлемін алатын болсақ, мысалы, 2000 жылы Жапония 48, Ұлыбритания 38, Германия 40, Франция 47, АҚШ 290 млрд. долл. жұмсаған болатын [6, С.57].

Қытай сыртқы саяси концепциясының ерекшеліктерінің бірі – ұлттық арнамысты қорғау ұлттық мүдделер қатарына жатқызылады.

Қазіргі заман талабына сай құрылған қарулы күштер Қытайдың дамуы, модернизациясы, қауіпсіздігі мен ішкі тұрақтылығы үшін қажет. Қорғаныс саясатында ҚХР әскердің санын қысқартып, сапасын арттыруды көздеп отыр.

Стратегиялық ядролық күштер Қытайдың қауіпсіздік саясатының ең маңызды компоненттерінің бірі болып табылады, сондықтан да, бұл күштерді дамыту ҚХР әскери модернизациясының басты бағыттардың біріне айналды.

Қорыта келгенде, Қытайдың сыртқы саяси концепциясы ішкі реформалар саясатымен тығыз байланысты. Қазіргі кезде ҚХР сыртқы саясатының негізгі мақсаты Қытайдың дамуы мен модернизациясына қолайлы және қауіпсіз сыртқы жағдайды қалыптастыру. Қытайдың қауіпсіздігі дегеніміз тек Республиканың мемлекеттік қауіпсіздігі ғана емес, оған көршілес мемлекеттердің, ҚХР орналасқан аймақтың және бүкіл әлемнің қауіпсіздігіне тең.

1. Дэн Сяопин. Сян Фэнь. Идеология Дэн Сяопина и новые международные отношения. Пекин, 2002. С.138.
2. Делюсин Л. Китай XVI съезд КПК: старые проблемы – новые надежды. //Азия и Африка № 2. 2003.
3. Торкунов А.И. Китай в мировой политике. М., 2006.
4. Белая книга Канцелярии Госсовета КНР «Контроль над вооружением и сокращения вооружений КНР». Синьхуа. 16.11. 1995.
5. Галенович Ю.М.. Наказы Цзян Цзэминья (Принципы внешней и оборонной политики современного Китая). М., 2003.
6. Мартышев «Система современной безопасности в АТР» Москва, 2003.